## Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 тамыздағы N 874 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2005 жылғы 23-24 маусымда Шығыс Қазақстан облысына сапары барысында берген тапсырмаларын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен Шығыс Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органдары Бағдарламада көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және жарты жылдың қорытындылары бойынша 20 қаңтардан және 20 шілдеден кешіктірмей Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне оларды іске асырудың барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі жарты жылдың қорытындылары бойынша 1 ақпаннан және 1 тамыздан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаны іске асырудың барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Есімовке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 тамыздағы N 874 Қаулысымен бекітілген

## Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы

Мазмұны

### 1. Бағдарламаның паспорты

Атауы Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы

Әзірлеу үшін негіздеме Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы 2005 жылғы 5 шілдедегі N 41-8.55 бекіткен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2005 жылғы 23-24 маусым аралығындағы Шығыс Қазақстан облысына сапары барысында берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың 1-тармағы; Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі 2005 жылғы 17 тамызда өткізген кеңестің N 11-5/007-304 хаттамасының 4-тармағы.

Әзірлеушілер Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі

Бағдарламаның мақсаты Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласын одан әрі орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету

Бағдарламаның міндеттері Өнеркәсіп пен аграрлық секторда озық технология мен инновациялық шешімдерді өндіріске енгізу есебінен бәсекеге қабілетті өнім шығару жөніндегі жаңа өндірістер құру; қазіргі заманғы құрылыс материалдарын шығару жөніндегі бар өндірістерді кеңейту; өндірістік, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды, шағын және орта кәсіпкерлікті, туризмді дамыту

Іске асыру мерзімі 2006-2008 жылдар

Қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері Бағдарламаны іске асыру үшін кәсіпорындардың, отандық инвесторлардың, екінші деңгейдегі банктердің, даму институттарының меншік қаражаты және қаржыландырудың бюджеттік көздері пайдаланылатын болады. Бағдарламаны іске асыруға мемлекеттік бюджеттік жалпы шығындар 26346,9 млн. теңге құрайды, оның ішінде республикалық бюджеттен - 23569,2 млн. теңге, оның ішінде 2006 жылы - 6841,1 млн. теңге, 2007 жылы - 9576,3 млн. теңге, 2008 жылы -

7151,8 млн. теңге; жергілікті бюджеттен - 2777,7 млн. теңге, оның ішінде 2006 жылы - 690,6 млн. теңге, 2007 жылы - 889 млн. теңге, 2008 жылы - 1198,1 млн. теңге құрайды.

| | |
|---|---|
| Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер | Бағдарламаны іске асыру: өндірістік әлеуетті одан әрі нығайту үшін негізін құру арқылы қаланың орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын; атап айтқанда 2008 жылға тауар өнім өндіру көлемі 3,5 - 4,0 млрд. теңгеге, ет 1,4 есе, сүт - 5,0%, жұмыртқа - 4,2%, жүн 1,2%-ға өседі, қосымша 1,0 мыңнан кем емес жаңа жұмыс орындары ашылатын болады; тұрғын үй құрылысын дамыту есебінен халықтың қалың бұқарасының тұрғын үйге қол жетімділігін тұрғындарды инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыз ету жақсарады; тұрғын үй-коммуналдық, көлік және әлеуметтік салаларда көрсетілетін қызметтер сапасын жақсартуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді |

## 2. Кіріспе

Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласын дамыту бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы 2005 жылғы 5 шілде бекіткен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шараларының 1-тармағына сәйкес әзірленді.

Семей - Шығыс Қазақстан облысының облыстық маңызы бар қаласы, республиканың ірі экономикалық көліктік және мәдени орталығы.

Қаланың әкімшілік-аумақтық құрамына 2 кент және 37 елді мекен шоғырланған 16 ауылдық округ кіреді.

Қаланың халықтың саны 302,7 мың адам құрайды, оның ішінде қалалық - 279,1 мың адам және ауылдық - 23,6 мың адам.

Семей қаласының 1997 жылы Шығыс Қазақстан облысының құрамына кірген сәттен бастап негізгі салаларда салыстырмалы орнықты макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізілді. Өнеркәсіп өндірісінің өсімі 1,5 есені құрады, ауыл шаруашылығында мүйізді ірі қара мал басы 33%-ға, қой мен ешкі 34%-ға өсті, жұмыртқа өндірісі 1,7 есе, сүт өндірісі 1,4 есе, тұрғын үйді іске қосу 2,5 есе ұлғайды.

Сонымен қатар қала экономикасы бюджеттің кіріс бөлігінің айтарлықтай өсуін

қамтамасыз етпейді. Өндірілетін өнімнің бәсекелестік қабілеті төмен. Қаланың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымы одан әрі дамытуды қажет етеді.

Семей өңірінің жекелеген салалары мен ауылдық округтарында өндіріс көлемі, өндірілетін өнімнің бәсекелестік қабілеті, инженерлік инфрақұрылым мен әлеуметтік саланы дамытуда ахуалды жақсарту тұрғысында экономикалық әлеуеттің айтарлықтай өсуі әлі қамтамасыз етілмеген.

Жұмыс істеп тұрған көптеген кәсіпорындардың техникасы мен технологиялар деңгейі қазіргі заманғы талаптарға сай келмейді, оларда негізгі қорлардың тозуы 50%-дан артықты құрайды. Өндіріс энергия тұтынудың жоғары деңгейімен, ескірген технологиялар бойынша жүргізіледі.

Бағдарламаны іске асыру қала экономикасы құрылымында сапалы өзгерістерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді, олар оның адам, өндіріс және табиғат ресурстарын тиімді пайдалануға негізделген орнықты өсуіне алып келеді. Халықтың әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне қол жетімділігі жақсарады.

## 3. Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының қазіргі жай-күйін талдау

### 3.1. Өнеркәсіп

2004 жылы қала өнеркәсібі кәсіпорындары 27,6 млрд. теңге соманың тауар өнімін өндірді, бұл облыс бойынша тауар өнім көлемінің 12,4%-ын құрайды, өнеркәсіп өнімінің жеке көлем индексі 108,8% (облыс бойынша - 104,9%), оның ішінде тау-кен өндіру өнеркәсібінде - 110,0% (96,6%), өңдеу өнеркәсібінде 108,6% (107,8%), энергиясын, газ бен су өндіру және таратуда - 108,7%-ды (102,8%) құрайды.

Ағымдағы жылдың бірінші жарты жылында өнеркәсіп өнімін өндіру көлемі 13,7 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 101,4% құрайды.

Қала өнеркәсібінің тауар өнімі көлемінің құрылымында бүгінгі таңда 69,6%-ын өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының өнімдері, оның ішінде 23,7%-ын металл емес минералдық өнімдер өндірісі, 10,5%-ын ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу құрайды.

Өңір тұрғындарының тамақ өнімдеріне қажеттілігінің қанағаттандыру үшін сүтті қайта өңдеу өндірісі ("Қайсар ЛТД" ЖШС) ұйымдастырылды, консерві және шұжық өнімдерін, тартылған ет және тұшпара шығару өндірістер ("Семей ет комбинаты" ЖШС) қайта іске қосылып, тұсқағаз өндірісі қайта жалғастырылды ("Каполиграф" АҚ).

Құрғақ құрылыс қоспаларын өндіру зауыты ("Семмикс" ЖШС) іске қосылды.

"Семей қоспажем зауыты" ЖШС қондырғылары жаңғыртылып, "Шығыс Қазақстан ұн тарту-қоспажем комбинаты" ААҚ-да қара бидайды тарту диірмені пайдалануға

берілді.

Он екі кәсіпорынның өнімдері түрлі атауларда "Шығыс Қазақстанның таңдаулы тауарлары 2004" конкурсында, ал екі кәсіпорынның өнімдері республикалық конкурста жеңімпаз атанды.

Осымен бірге, өнеркәсіп өндірісі көлемінің өсу қарқыны орнықсыз сипат сақтап келеді, шикізатпен қамтамасыз етуде және өндірілген өнімді сатуда шешілмеген проблемалар.

Негізгі қорлардың моралдық және табиғи тозу проблемасы сақталуда, бұл еңбек өнімділігінің және өндірілетін өнімнің бәсекелестік қабілетінің төмендеуіне алып келуде. Бүгінгі таңда экономикалық қызмет салаларында негізгі қорлардың тозу дәрежесі 34%-дан 57%-ға дейін құрайды.

**3.2. Агроөнеркәсіп кешені**

Экономиканың аграрлық секторында 2004 жылы 545 шаруа қожалығы, 3 өндіріс кооперативі, 4 жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 2 акционерлік қоғам, мал және құстары бар тұрғындардың 5156 қосалқы шаруашылықтары тіркелді.

Жалпы өнім көлемі 2004 жылы 3,9 млрд. теңге оның ішінде мал шаруашылығы 2,1 млрд. теңге немесе 53,8%-ды, өсімдік шаруашылығы 1,8 млрд. теңге немесе 46,2%-ды, өсуі 2003 жылға 15,9% құрады. Мал шаруашылығында 2003 жылмен салыстырғанда ет өндірісі 4%, сүт 15,3%, жұмыртқа 13%-ға артты, мүйізді ірі қара саны 10,3%, қой мен ешкі 11%, жылқы 6,7%-ға ұлғайды.

Жоғары өнімді асыл тұқымды малдың гендік қорын сақтау және көбейту жөнінде жұмыстар жүргізілуде. Бүгінгі таңда "Жабы" тектес Қазақ асыл тұқымды жылқысын өсіретін "Қайнар" ЖШС және 1,5 мың бастап артық Қазақтың ақ бас тұқымды ірі қара малына ие "Приречное агрофирмасы" ЖШС-нің асыл тұқымды мал шаруашылығы мәртебесі бар.

Құс шаруашылығы өңірде мал шаруашылығының барынша дамыған салаларының бірі болып табылады. "Прииртыш бройлер құс фабрикасы" ЖШС-де жылына 2,0 мың тонна бройлер етін өндіру қуатына ие Венгрия құс өсіру технологиясын енгізу жөніндегі қайта жаңғырту аяқталды. 2005 жылдан бастап бұл кәсіпорын өндірістік жұмысын жалғастырды.

Шығыс Қазақстан облысының 2003-2005 жылдарға арналған агроазық-түлік бағдарламасына сәйкес Семей өңірінде 2004 жылы өсімдік шаруашылығында 4 мың тоннаға жуық немесе бағдарламада белгіленген көлемнің 68,4% дәнді дақылдары, 19 мың тонна көкөніс (107,3%), 49 мың тонна картоп (101,0%, 0,3 мың тонна күнбағыс ( 1,5 есе), 1,6 мың тонна бақшалық дақылдар (102,0%) өндірілді.

Аграрлық секторды кредиттеу кезінде жыл сайын қаражаттардың жалпы көлемінің 40-тан 55%-ға дейіні бөлінеді. 1998-2004 жылдар аралығында барлығы 1,2 млрд. теңге бөлінді. 2004 жылы қаланың аграрлық секторын дамыту үшін республикалық бюджет қаражаттарынан 47,9 млн.теңге немесе облыс үшін бөлінген көлемнің 2,9%, облыстық

бюджет қаражаттарынан 30,2 млн. теңге немесе облыс бойынша жалпы көлемнің 7% бөлінді.

Ауыл экономикасының инфрақұрылымы кешігіп дамуда. Көптеген шаруа қожалықтарының материалдық-техникалық базасының нашар екендігі байқалады. Ұсақ тауарлы өндірістер басым, бұл көлемді ұлғайтуды, өндіріс шығындарын азайтуды, қолданып отырған аграрлық технологиялардың деңгейін көтеруді баяулатуда.

Қаланың тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары аграрлық сектор өнімінің тұрақты жетіспеушілігін сезінуде.

**3.3. Шағын кәсіпкерлік**

2005 жылдың басына тіркелген кәсіпорындардың саны 2,6 мыңды, олардан жұмыс істейтіндері - 1,7 мыңды немесе 64,5% құрады. 2003 жылмен салыстырғанда жұмыс істейтін шағын бизнес кәсіпорындарының саны 4,5%-ға өсті.

2004 жылы шағын кәсіпкерлік кәсіпорындары өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 39,5%-ға ұлғаюмен, 1400,4 млн. теңге соманың тауарлы өнімдерін өндірді.

Шағын кәсіпкерлік субъектілері өндіретін өнімді сатудан түсетін кіріс 2004 жылы 2003 жылғы деңгеймен салыстырғанда 17,2%-ға өсті.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін салықтардың үлес салмағы қала бюджетіне төлемдердің жалпы сомасында 2005 жылғы бірінші жарты жылда 21,7%-ды құрады.

Осымен бірге мынаны атап өткен жөн, шағын кәсіпкерлікті одан әрі дамыту жөніндегі жұмыстар қосымша шараларды, оның ішінде салық заңнамасында көзделген шағын бизнес субъектілері, шаруа (фермерлік) қожалықтары және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін заңды тұлғалар үшін арнайы салық режимін толық пайдалануды, сондай-ақ, экономиканың басым салаларында қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғаларға берілетін инвестициялық жеңілдіктерді жандандыруды және іске асыруды талап етеді.

**3.4. Инженерлік инфрақұрылым**

**3.4.1. Көлік кешені және жол шаруашылығы**

Семей қаласының көлік кешені көлік қатынасының барлық түрлері: автомобиль, темір жол, су және әуе қатынасымен ұсынылған.

Семей қаласында "Қазақстан Темір Жолы" ұлттық компаниясы" АҚ-нен тасымалдау бөлімшесі, өзен көлігі кәсіпорны - "Жоғарғы Ертіс пароход шаруашылығы" АҚ, "Семейавиа" АҚ авиакомпаниясы 26 мамандандырылған автокөлік кәсіпорны жұмыс істейді.

2004 жылы 1813,98 мың тонна жүк және 53184,2 мың жолаушы тасымалданды, 2003 жылмен салыстырғанда тасымалданған жүктердің көлемі 19,2%, жолаушылар көлемі 52,3%-ға артты.

Ағымдағы жылғы 5 айдың қорытындысы бойынша көліктің барлық түрлерімен

619,5 мың тонна жүк және 22,6 млн. жолаушы тасымалданды. Өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда жүк тасымалдау бойынша өсім 43,7%, жолаушыларды тасымалдау бойынша азаю 0,7% құрады.

Әуе көлігімен 2004 жылы 9,3 тонна жүк және 11,3 мың жолаушы тасымалданған болатын, 2003 жылмен салыстырғанда тасымалданған жүктердің көлемі 18,9%, жолаушылар көлемі 6,5%-ға азайды.

Ағымдағы жылғы 5 айдың қорытындысы бойынша өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда жүк тасымалдау 2,4% және жолаушыларды тасымалдау 14%-ға ұлғайды .

Осымен бірге, қалалық әуежай тиісті көлік құралдары паркімен және жерде қызмет көрсететін арнайы техникамен жарақтандыруды қажет етеді.

Шүлбі шлюзі құрылысының басталуы және өзен көлігімен тасымалдаудың шығындылығынан өзен пароход шаруашылығының жұмысы 1988 жылдан бастап тоқтатылған болатын.

2004 жылы Ертіс өзенімен бойлай кеме қатынасын қамтамасыз ететін Шүлбі шлюзінің құрылысы аяқталды, ол үшін кеме қатынасы жағдайын жақсарту - жыл сайын өзен арнасын тазалау, өзі жүретін және өзі жүрмейтін өзен кемелерін сатып алу, өзен кеметұрақтары мен вокзалдарын салу мен қайта жаңғырту қажет.

Жергілікті және қалалық маңызы бар автомобиль жолдарының қашықтығы 1031,1 км, олардан:

- Асфальт жамылғымен - 249,5 км;
- Қара шағылтас жамылғымен - 142 км;
- Малтатас-шағылғытас жамылғымен - 143,1 км;
- Жамылғысы жоғы - 496,5 км.

2003 жылы жергілікті маңызы бар жолдарды қайта жаңғырту, күрделі, ағымдағы жөндеу және ұстауға жергілікті бюджеттен 237,2 млн. теңге, 2004 жылы - 227,8 млн.теңге, ағымдағы жылы - 128,5 млн. теңге бөлінді.

Сонымен қатар, жергілікті маңызы бар жолдар мен қала көшелерінің жағдайы бұрынғыдай мейлінше қанағаттанғысыз жағдайда қалып келеді, себебі жергілікті бюджеттен жыл сайын бөлінетін қаражат жылдар бойы жинақталған жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары көлемін шешуге дәрменсіз.

**3.4.2. Сумен қамтамасыз ету және кәріздендіру**

Қала тұрғын үй қорын су құбыры және кәрізбен қамтамасыз етуді 338 су құбыры жүйелері бар "Семей су каналы" МКК жүзеге асырады. Бүгінгі таңда бұл кәсіпорынның қызметі Ертіс өзенінің түбі арқылы өткізілген астыңғы кәріздік дюкерде (3,0 км-дей) апатты жағдайдың болуына байланысты себебінен тым қиындап отыр. Бар тазалау құрылғылары оларды жөндеуге күрделі шығынды қажет етеді. Өткен ғасырдың 60-жылдары салынған авариялық-ағызу коллекторы авариялық жағдайда.

Қаланы сумен қамтамасыз ету жүйесі желілердің жоғары тозу дәрежесінен және

өткізу қабілетінің төмендігінен қайта жаңғыртуды талап етеді.

Қала үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату мәселесі маңызы аз емес проблема болып табылады, себебі қазіргі полигон өз қуатын сарқыды және санитарлық-экологиялық талаптарға сай келмейді.

**3.4.3. Энергиямен жабдықтау**

Семей қаласының жылу энергетика кешені қатал ауа райы жағдайында орналасқан қала инженерлік инфрақұрылымының негізгі, өте күрделі және әлеуметтік маңызды объектілерінің бірі болып табылады.

Жылу көздері мен жүйелерін бірқатар жылдар бойы жөндеу жұмыстарын жүргізуге инвестиция салмай меншік түрі әртүрлі көптеген ұйымдардың пайдалануы қаланың жылу энергетика жағдайында 30 және одан да артық жылдардан бері пайдаланылып келе жатқан технологиялық жабдықтар мен жүйелердің іс жүзінде толық тозуына алып келді. 1-жылу қуаты орталығы және қазандықтар табиғи тозған және қайта жаңғыртуды қажет етеді, қазандық жабдықтарының 60%-дан астамы есептік ресурсын толық өтеді, 1-жылу энергия орталығы жылу жүйелерінің және қазандықтардың 90% қызмет мерзімін өтеді. Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардағы жылу тұтыну жүйелерінің, үйреншікті әдеттегідей автоматты реттеу жеке жылу пункттері мен құрылғылары жоқ. Жылу мен жылу тасығышты тарату негізінде ашық немесе жабық ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесі және төрт құбырлы тарату жылу жүйелерімен орталық жылу кәсіпорнынан жүзеге асырылады, ғимараттардың жылыту жүйелері жылу тұтынуды есептеу мен реттеуді тиімді ұйымдастыруға бейімделмеген, былайша айтқанда жылу тұтынуды есептеу мен реттеуді ұйымдастыру жетілдіруді қажет етеді.

Қаланы жылумен қамту технологиялық жабдықтары мен бас жылу жүйелерінің тозуы ауыр жағдайға жетіп, бұл қазіргі кезде жылу энергиясы тапшылығына алып келді .

**3.5. Әлеуметтік инфрақұрылым**

**3.5.1. Білім беру**

Қалада 84 жалпы білім беру мектептері, оның ішінде "Жас ұлан" облыстық ерлер лицейі, 13 мектепке дейінгі балалар ұйымдары, 5 түзету мекемелері, 2 туберкулезбен ауыратын балалар үшін шипажай мектептері, 2 кешкі мектептер жұмыс істейді. Мектептердің жалпы санының 28-і (33,3%) ауылдық жерлерде орналасқан, шағын мектептердің саны 30. Балалар саны аз іргелес ауылдардан оқушыларды мектептерге жеткізу ұйымдастырылған.

Қалада 5-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі дайындықпен қамту орташа облыстық 68,8% жағдайында 64,43%-ды құрайды. Балалардың мектепке дейінгі ұйымдарына 2000 орыннан артық қосымша қажеттілік бар.

Қалада мектептердің толықтырылуы жоғары - орташа облыстық көрсеткіш 69,6% жағдайында 93,1%. Мектептердің жоғары толықтырылуы және демографиялық көрсеткіштердің оңды үрдісі қалада және ауылдық жерде мектеп салу қажеттілігін

негіздейді.

Оқушылар орны тапшылығы мәселесін шешу үшін қосымша Холодный ключ кентінде мектеп және қазір N 5 мектеп 2,2 есе жүктелген қаланың сол жағалау бөлігінде қазақ тілінде білім беретін типтік мектеп салу қажет.

Өткен ғасырдың 60-шы жылдары салынған бірқатар мектептерде спорт зал және шеберхана жоқ.

Білім беру ұйымдарында күрделі жөндеу жүргізіледі, барлық мектептер толық компьютерлендірілген, мектептер 100% Интернет жүйесіне қосылған, бүгінгі таңда компьютер техникасымен қосымша жарақтандыру, жаңарту жөніндегі жұмыстар жалғастырылуда.

Білім беру ұйымдарын күрделі жөндеу және материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі өңірлік бағдарламада 2005-2007 жылдары күрделі жөндеуге 98,2 млн.теңге, материалдық-техникалық базаны нығайтуға 51,0 млн.теңге, ақпараттандыруға 9,7 млн.теңге, оқулықтар сатып алу және оларды жеткізуге 191,3 млн.теңге бағыттау көзделді.

Кәсіптік білім беру жүйесі 8 кәсіптік мектеп немесе облыс кәсіптік мектептері жалпы санының 20%, 26 колледж немесе облыс бойынша жалпы санның 61,9%, 5 жоғары оқу орындарымен (облыста 11 ЖОО бар) ұсынылған, олардың 3 мемлекеттік, бұл - медицина академиясы, Шәкәрім атындағы мемлекеттік университет, педагогика институты.

### 3.5.2. Денсаулық сақтау

Соңғы жылдары тұрғындардың медициналық көмекке шынайы мұқтаждығы және нақты қаржыландыру есепке алынып, бар жүйені сақтау және дамыту жөніндегі жұмыстар жүргізілді.

Қала жүйесі 54 дербес амбулатория-емхана ұйымдарымен (облыстық жүйедегі үлесі 18%), 1,83 мың төсектік 17 ауруханамен (17%), 32 отбасылық-дәрігерлік амбулаториямен, 16 фельдшерлік пунктпен ұсынылған. 1,3 мың дәрігер мен 2,1 мың орта медициналық қызметкер медициналық көмек көрсетеді.

Облыс денсаулық сақтауын дамыту тұжырымдамасына сәйкес Семей қаласында облыстық клиникалық-диагностикалық орталық жұмыс істейді, ол қазіргі заманғы диагностикалық жабдықтармен жарақтандырылып, Өскемен қаласының облыстық диагностикалық орталығымен бірдей тұрғындардың білікті медициналық көмекке болған қажеттілігін қамтамасыз етуде.

Соңғы бірнеше жылдар ішінде Семей қаласының денсаулық сақтау ұйымдарына Жапония үкіметінің грантымен ядролық сынақтардан зардап шеккен тұрғындарды медициналық қамтуды жақсарту мақсатында 5 медицина ұйымына жалпы 4,43 млн. АҚШ доллары сомада қазіргі заманғы медициналық жабдықтар қойылды.

Денсаулық сақтауда жүргізілген реформалар медициналық қызмет көрсетуді қайта бағдарлауға алып келді: төсек қоры жұмысының тиімділігін арттыруға және емдеудің

профилактикалық әдістеріне, жаңа технологияларды енгізіп және бүгінгі заманғы жабдықтарды сатып алып, мамандандырылған көмекті барынша тиімді емдеу ұйымдарына шоғырландыруға, медицина кадрларын даярлау және қайта даярлауға бағыт алынды.

Дәрігерлермен қамтамасыз етілу 2004 жылы қала бойынша 10 мың тұрғынға 42,4-ті құрады, орташа облыстық көрсеткіш - 37,3, орташа республикалық көрсеткіш - 36,3. Орташа медициналық қызметкерлермен қамтамасыз етілу орташа облыстық көрсеткіш 78,4 және орташа республикалық көрсеткіш 77,6 жағдайында 10 мың тұрғынға 66,3 құрайды.

Төсекпен қамтамасыз етілу қала бойынша 10 мың тұрғынға 61,2 құрайды, ал, орташа облыстық көрсеткіш - 76, орташа-республикалық көрсеткіш - 77,4.

"Денсаулық сақтау ұйымдарын күрделі жөндеу және материалдық-техникалық жарақтандыру жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарлама" 26 денсаулық сақтау ұйымына 374,3 млн.теңге сомада күрделі жөндеу жүргізуді, 135,9 млн. теңге сомада жабдықтарды жаңалауды көздейді.

### 3.5.3. Мәдениет және спорт

Мәдениет ұйымдары жүйесі 31 объектімен ұсынылған, қала аумағында 13 кітапхана , 8 мәдениет мекемесі, 4 мұражай, 1 қорық, 1 театр, 3 концерттік ұйым жұмыс істейді.

Семей қаласы облыстың мәдениет орталығы болып табылады және ол ұлы Абай, Шәкәрім, Әуезов аттарымен байланысты. Облыстың мәдени өміріне орыс кескіндемешілерінің шынайы суреттерінің баға жеткісіз топтасымен Невзоров отбасы атындағы бейнелеу өнері мұражайы, Ф.М.Достоевский атындағы облыстық әдебиет мұражайы қомақты үлес қосып келеді. Абай атындағы мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық мұражай-қорық үлкен ағартушылық жұмыстарын жүргізуде. "Жаңалық" театры құрметті танымалдылыққа ие.

Спорт құрылғыларының саны 327 немесе облыстық көрсеткіштің 12%-ын құрайды. Дене шынықтырумен шұғылданатындар мен спортшылардың қызметіне 4 стадион, 17 жүзу бассейні және 105 спорт зал бар. 3 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі жұмыс істейді. Бірақ қала стадионы күрделі жөндеуді қажет етеді, қалалық балалар спорт мектебінің спорт залы жоқ.

Семей қаласында негізінде шет елде демалыс ұйымдастырумен шұғылданатын 11 туристік фирма жұмыс істейді.

### 3.5.4. Тұрғын үй құрылысы

2005 жылға дейін Семей қаласында тұрғын үй құрылысын негізінде жеке тұлғалар жүзеге асыратын, облыс бойынша іске қосылған жалпы көлемде Семей қаласының үлесі 20-26% құрады.

Семей қаласында тұрғын үй жағдайын жақсартуға кезекте 2,7 мың адам, олардың 1,1 мың адамы - тұрғындардың әлеуметтік қорғалмаған бөлігі, 754 адамы - бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері. Тіркелгендердің жалпы санында муниципалдық тұрғын

үйге кезекке тұрғындар 2,4 мың адамды, кредит алуға мүмкіндігі барлар 754 адамды құрайды. Жоспарланып отырған кезеңде тұрғын үй құрылысын үдете дамыту көзделуде, бұл қол жетімді және қолайлы тұрғын үйді қамтамасыз етеді.

**4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

Бағдарламаның мақсаты Семей қаласының одан әрі орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуына қол жеткізу болып табылады.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін Бағдарламада мынадай міндеттерді шешу көзделген:

өнеркәсіп пен аграрлық секторда озық технология мен инновациялық шешімдерді өндіріске енгізу есебінен бәсекеге қабілетті өнім шығаратын жаңа өндірістер құру;

қазіргі заманғы құрылыс материалдарын шығару жөніндегі өндірістерді кеңейту;

шағын және орта кәсіпкерлікті, туризмді дамыту;

өндірістік, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту.

**5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі**

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу және міндеттерді шешу алты негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылатын болады. Бұл - өнеркәсіпті, агроөнеркәсіп кешенін, шағын кәсіпкерлікті, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды, тұрғын үй құрылысын дамыту, экологиялық жағдайды сауықтыру.

**5.1. Өнеркәсіп**

Өнеркәсіп өндірісін одан әрі әртараптандыру және өнімнің бәсекелестік қабілетін көтеру мақсатында:

ауыл шаруашылығы техникалары және "КАМАЗ" автомобильдері үшін бөлшектер мен тораптар өндірісін ашу;

қабырға блоктарын өндіруді өндіріске енгізу;

сәулет табақ өрнектік шынылар өндірісін ұйымдастыру;

Семей тері-үлбір комбинаты өндірісін дамыту;

цементті құрғақ тәсілмен өндіру жаңа технологиялық жүйе құрылыс басталуы;

өндірілетін қаптау өнімі түрін кеңейту;

тігіншілік өндірісін техникалық қайта жарақтандыру;

кабельдік-өткізгіш өнім өндірісін кеңейту;

техникалық және авиациялық киіз өндірісін ашу;

лак-бояу өндірісін дамыту;

газобетоннан және жанартау таутезегінен блоктар өндіру;

полимер жабынды керамикалық кірпіш өндірісін ұйымдастыру;

көбікбетон блоктары өндірісін ұйымдастыру көзделуде.

**5.2. Агроөнеркәсіп кешені**

Ауылдық елді мекендердің табыстылығына қол жеткізу үшін және ауыл тұрғындарының тиісті тіршілікті қамтамасыз ету деңгейін қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу жөніндегі өндірістерді дамыту үшін:

қала ауылдарында сүт, жүн және қышқыл сүт өнімдерін қабылдау дайындау пункттерін ұйымдастыру;

шаруашылық жүргізетін субъектілерінің лизингтік негізде ауыл шаруашылық техникасын жаңартуға көмектесу;

консерві және шұжық өндірістері қуаттарын игеру және дамыту;

көкөністі жабық жерде өндіруді қалпына келтіру және оларды қайта өңдеу;

ұн тарту және құрама жем комбинатында ұн тарту өндірісін қайта жаңғыртуды аяқтау;

құс етін өндіру қуаттарын қайта жаңғыртуды аяқтау және жүктендіру;

кондитер фабрикасының құрылысы, пайдалануға беру және қуаттарын игеру;

көкөніс және картоп өнімдерін өндіру желісін іске қосу, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кластерлерін құру көзделуде.

**5.3. Шағын кәсіпкерлік**

Шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін екінші дәрежелі банктердің, Шағын кәсіпкерлікті қолдау қорының кредиттік ресурстарын пайдалану есебінен қаржылық-кредиттік және инвестициялық қолдауды жүзеге асыру жалғастырылатын болады, сондай-ақ,

жоғары сапалы мұнай-химия өнімдерін өндіру үшін май зауытын қайта жаңғырту;

шұлық, тоқыма киім бөлшектерін, қолқап және биалай өндіру көзделуде.

Халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес туризмді одан әрі дамыту, қосарлас сервис: қонақ үйлер, мотелдер, тез тамақтандыру кәсіпорындар, тұрмыстық қызмет және басқа да объектілер жүйесін құру жөніндегі шаралар көзделуде.

**5.4. Инженерлік инфрақұрылым**

**5.4.1. Көлік және жол шаруашылығы**

Қаланың көлік проблемаларын шешу үшін:

республикалық бюджет қаражаттары есебінен:

Май кенті - Семей қаласы - Шүлбі кенті су жолы учаскесінде Ертіс өзенінің түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу;

өзен көлігі паркін жаңарту және толықтыру (жайлы теплоход сатып алу);

су жолының үстін тазалау өндірісі үшін аршу кранын сатып алу;

жергілікті бюджет қаражаты есебінен:

өзен кеметұрақтары және вокзалдары құрылысы және оларды қайта жаңғырту;

қала көшелерін, шағын гүлбақтарды және алаңдарды күрделі жөндеу, қайта жаңғырту және жайластыру;

қала аумағында Ертіс өзені жағалауын көркейту;

Семей - Қайнар автомобиль жолын қайта жаңғырту;

лизинг бойынша:

әуежайға арнайы жерде жүру техникасын және жабдықтарды сатып алу көзделуде.

**5.4.2. Сумен қамтамасыз ету және кәріздендіру**

Сумен қамтамасыз ету және кәріздендіру жағдайын жақсарту үшін:
республикалық бюджет қаражаты есебінен:
Семей қаласында сарқынды суларды биологиялық тазалау құрылғылары құрылысын аяқтау;
Семей қаласында Ертіс өзені арқылы өтетін кәріздік дюкерді қайта жаңғырту;
жергілікті бюджет қаражаты есебінен:
Коммунальник кентінде, Бөкенші, Озерки, Жаңа Баженовка, Знаменка, Қайнар, Бұлақ, Талдықорған, Мұздыбай, Клементьевка және Жарқын ауылдарында су құбыры жүйелерін қайта жаңғырту;
Су қорларын бекітіп бас тоғандарды гидрогеологиялық іздестіру жүргізу көзделуде.

**5.4.3. Энергиямен жабдықтау**

Семей қаласын жылумен қамтуды оңтайландыру мақсатында Республикалық бюджет қаражаты есебінен орталық жылумен қамтамасыз ету сұлбасында сақталып келе жатқан қазандықтар мен жылу қуаты орталығының бар қуаттарын жаңғырту жылу жүйелерін қайта жаңғырту және ауыстыру көзделуде.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 тамыздағы N 860 қаулысымен Семей қаласын жылумен жабдықтау жобасын әзірлеуге және техникалық-экономикалық негіздемесін сараптауға 120 млн. теңге бөлінді. Техникалық-экономикалық негіздемесі бекітілгеннен кейін Қазақстан Республикасының Үкіметі 2007 және 2008 жылдары жыл сайын 5 млрд. теңгеден республикалық бюджеттен ЖЭС-3 құрылысының басталуын қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

**5.5. Әлеуметтік инфрақұрылым**

**5.5.1. Білім беру**

Білім беру мекемелері жүйесін дамыту және сапалы білімге қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін:
республикалық бюджет қаражаты есебінен:
Восточный кентінде қазақ тілінде оқытатын 960 орындық мектеп құрылысы;
Семей қаласының Суық бастау кентінде 400 орындық мектеп құрылысы;
Семей қаласының сол жағалау бөлігінде 1176 орындық орта мектеп құрылысы;
жергілікті бюджет қаражаты есебінен:
екі мектептің спорт зал жапсаржай құрылыстары;
N 5 және N 34 мектептеріне жапсаржай құрылыстары;
Пригородный кентінде және Приречное, Жаңа Баженов, Прииртышское, Чекоман, Ақбұлақ ауылдарындағы мектептердің қазандықтар құрылысы көзделуде.

**5.5.2. Денсаулық сақтау**

Тұрғындарға көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын және оларға қол жетімділігін жақсарту үшін республикалық қаражаты есебінен:
онкологиялық диспансердің радиологиялық орталығының құрылысын аяқтау;

балалардың туберкулезге қарсы 80 төсектік ауруханасы құрылысы;
